## Экспресс-жүктерге арналған тауарлар декларациясының және экспресс-жүктерге арналған кедендік жолаушылар декларациясының, экспресс-жүктерге арналған тауарлар декларациясын түзетудің және экспресс-жүктерге арналған кедендік жолаушылар декларациясын түзетудің құрылымы мен форматының 11-кестесіне өзгеріс енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2025 жылғы 27 қаңтардағы № 11 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 105-бабының 5-тармағына және 112-бабының 4 және 6-тармақтарына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. Қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 22 қаңтардағы № 9 шешімімен бекітілген Экспресс-жүктерге арналған тауарлар декларациясының және экспресс-жүктерге арналған кедендік жолаушылар декларациясының, экспресс-жүктерге арналған тауарлар декларациясын түзетудің және экспресс-жүктерге арналған кедендік жолаушылар декларациясын түзетудің құрылымы мен форматының 11-кестесіне өзгеріс енгізілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының Төрағасы* — *Б. Сағынтаев*

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2025 жылғы 27 қаңтардағы
№11 шешіміне
ҚОСЫМША

## Экспресс-жүктерге арналған тауарлар декларациясының және экспресс-жүктерге арналған кедендік жолаушылар декларациясының, экспресс-жүктерге арналған тауарлар декларациясын түзетудің және экспресс-жүктерге арналған кедендік жолаушылар декларациясын түзетудің құрылымы мен форматының 11-кестесіне енгізілетін ӨЗГЕРІС

14.3.6.13.4 и 14.3.6.13.5-позициялар мынадай редакцияда жазылсын:

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **егер "Экспресс-жүктерге арналған кедендік декларацияның тіркеу нөмірі (Cacdo: ExpressCargoDeclarationIdDetails)" деректемесі то** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **"*.13.4. Құжаттың нөмірі (csdo:DocId)** | **"Алдыңғы құжат" бағ.** | **"Алдыңғы құжат" бағ.** | **O** | **1** | **лтырылмаса және экспресс-жүктерге арналған жолаушылар кедендік декларациясы берілгенге дейін тауарлар уақытша сақтауға орналастырылса, онда "Құжаттың нөмірі (csdo: DocId)" деректемесі толтырылуға тиіс** |
| *.13.5. Құжаттың берілген күні (csdo: DocCreationDate) | "Алдыңғы құжат" бағ. | "Алдыңғы құжат" бағ. | O | 1 | егер "Құжаттың нөмірі (csdo: DocId)" деректемесі толтырылса, онда "Құжаттың берілген күні (csdo: DocCreationDate)" деректемесі толтырылуға тиіс, әйтпесе "Құжаттың берілген күні (csdo: DocCreationDate)" деректемесі толтырылмайды |
| | | | | 1 | егер "Құжаттың берілген күні (csdo: DocCreationDate)" деректемесі толтырылса, онда деректеменің мәні мына шаблонға сәйкес келуге тиіс: YYYY-MM-DD". |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК